



Автор: Игубаева Рахима Апасановна

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Абайды оқы, таңырқа!

Тақырып: Бұл кісі -суретші

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.4.1.1-тақырыпқа сәйкес сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазу.
Сабақтың мақсаты:	-Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну; -Тақырыпқа қатысты ақпараттарды анықтау; -Тақырыпқа сәйкес сөздерді ,жалғауларды қолдану; - Берілген иллюстрация бойынша сөйлем жазу.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылардың барлығы: тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсінеді, берілген тапсырмаға сәйкес әрекет жасайды, жалғауларды дұрыс қолданады. Оқушылардың көпшілігі: тыңдаған мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, тірек сөздер негізінде сөйлейді, жалғауларды дұрыс қолданады. Оқушылардың кейбірі: тақырып бойынша өз ойларыммен бөліседі, басқа оқушылардың ойларын толықтырады.
Күтілетін нәтиже:	Тыңдаған материалдың мазмұнын түсінеді; Тақырыпқа қатысты ақпараттарды анықтайды; Тақырыпқа сәйкес сөздерді ,жалғауларды қолданады; Берілген иллюстрация бойынша сөйлем жазады,ойын еркін жеткізе алады.
Бағалау критерийлері:	-Тыңдаған материалдың мазмұнын түсінеді; -Тақырыпқа қатысты ақпараттарды анықтайды; -Тақырыпқа сәйкес сөздерді ,жалғауларды қолданады; - Берілген иллюстрация бойынша сөйлем жазады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқу,білім алу, іздену маңыздылығын түсіндіру; балалардың сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру
АКТ-ны қолдану дағдылары:	аудиотаспа, интербелсенді тақта, таныстырылым
Пәнаралық байланыс:	«Сурет салу» пәні
Бастапқы білім:	Қазақтың қаһарман ұлы

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 мин)	Ұйымдастыру кезеңі. Сыныпты түгендеу. Үш түсті таспа арқылы топқа бөлу. Үй тапсырмасын тексеру. ДӘПТЕРГЕ КҮНДІ ЖАЗҒЫЗУ. «Алтын сандық» ойыны. Бұл ойын ережесі бойынша музыка ойнап тұрып, кімнің қолында сандық қалса, сол үй тапсырмасын айтады. Бауыржан Момышұлы туралы фотоколлажын қорғайды. ҚБ: Керемет,Жақсы,Талпын. Ой қозғау. Интербелсенді тақтағы суреттер арқылы оқушыларға тараудың тақырыбын болжату. Сұрақтар қойып, оқушыларды коммуникативтік қатынасқа тарту. Мұғалім оқушылардан: «Суреттен нені көріп тұрсыңдар? Сабақтың тақырыбы қандай болады деп ойлайсыңдар? Бүгін кім және не туралы айтамыз?», – деп сұрайды. Оқушылар суреттер арқылы жаңа тараудың мазмұнын болжайды Сабақтың тақырыбы: «Бұл кісі – суретші» ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ– ҚАЗАҚТЫҢ АТАҚТЫ СУРЕТШІСІ	Таспа арқылы Қызыл 1-топ «Дарынды» Сары 2-топ «Суретші» Жасыл 3-топ «Талантты». Музыка «Сұрақ-жауап» әдісі.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (27мин)	Сабақтың мақсатымен таныстыру -Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну; -Тақырыпқа қатысты ақпараттарды анықтау; -Тақырыпқа сәйкес сөздерді ,жалғауларды қолдану; - Берілген иллюстрация бойынша сөйлем жазу. Жеке жұмыс. Жаңа сөздермен жұмыс. Дарын -талант Үнемі -постоянно Суретші- художник Тұлға- личность Туынды -произведение Сурет салу- рисовать Дескриптор: -Жаңа сөздерді меңгереді. -Жаңа сөздерді қолданып, сөз тіркесін,сөйлем құрайды. ҚБ: Геометриялық фигура Тыңдалым. Оқушылар мәтінді екі рет мұқият тыңдайды. • Аудиожазбаны мұқият тыңдап,сөздіктің көмегімен сурет бойынша сөйлем құрап жазады. Өздік жұмыс. Жазылым.(ДӘПТЕРГЕ,ТАҚТАҒА жазу) -танымал Әбілхан Қастеев..... және.... қалаларында оқыған. Қажетті сөздер: Алматы, суретші, Әбілхан Қастеев, Мәскеу. Дескриптор: - мәтіннің мазмұнына сәйкес дұрыс сөйлемдерді анықтайды; - сурет арқылы сөйлем құрайды. Қ.Б: Оқушылар бір-бірін «Бас бармақ» арқылы бағалайды. Жұппен жұмыс. Оқылым. Оқушылар мәтінді рөлге бөліп, дауыстап оқиды. Оқылымнан кейін мәтін мазмұнын қаншалықты түсінгендерін, негізгі ақпаратты қалай қабылдағандарын тексеру үшін сұрақтар қойылады. Сұрақтарға жауап береді: 1. Диалог кімдер арасында жүріп жатыр? 2. Анасы Әлиге не айтты? 3. Әли анасына не айтты? 4. Әлиге суретшінің қай туындысы ерекше ұнады? Сергіту сәті «Көңілді күн». https://www.youtube.com/watch?v=xyS4WWbtttM Ойлы болсаң, озып көр. «Микрофон» әдісі Әбілхан Қастеев Мақта жинау, 1935 ж. Түркісіб, 1969 ж. Амангелді сарбаздары, 1970 ж. Шоқан Уәлиханов, 1951 ж Жас Абай, 1945 ж.(слайдта тұрады) Әбілхан Қастеев деген кім? Ол кісі туралы не білесің? Ә.Қастеевтің қандай туындылары бар? Суретші кімдерді бейнелеген? Дескриптор: - сұрақтарға жауап береді; - сөйлеуде тілдік нормаларды сақтайды. Топтық жұмыс. «Бірлескен жұмыс дағдыларын қалыптастыру» әдісі 1-топ "Суретші" сөзін жікте 2- топ "Суретші" сөзін тәуелде 3- топ «Синквейн» әдісі Дескриптор: -«Суретші» сөзіне жіктік, тәуелдік жалғауларын дұрыс жалғайды. -«Синквейн» әдісін дұрыс қолданады. ҚБ: «Бағдаршам» әдісі	Слайд Геометриялық фигура Білім ленд «Бас бармақ» әдісі «Сұрақ-жауап» әдісі. Сергіту сәті «Микрофон» әдісі «Бірлескен жұмыс дағдыларын қалыптастыру» әдісі «Бағдаршам» әдісі

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (3 мин)	Үй жұмысы: Оқулық, 4-тапсырма Рефлексия:  Тыңдадым, ұмыттым. Көрдім, есте сақтадым. Жасай аламын, түсіндім Басқаға көмектесе аламын	«Жетістік баспалдағы» әдісі